

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2026 жылдың наурыз айының 12 күні Өнер мектебінің базасында білім алушылардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбие беру және тұлғаны әрі қарай үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру мақсатында «Алтын қазына» атты аудандық көркем және сәндік - қолданбалы балалар шығармашылығының аудандық көрме-байқауы өткізілетінін хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі, қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары қатыса алады.

Осыған орай байқау ережесі қосымша жолданады.

/Ереже қосымша 4 парақ/

**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы**

Самылтыров

Б.Самылтыров

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының білім
бөлімінің басшының міндеттерін
уақытша атқарушы

Самат Б.Самылтыров
«05» *ақпан* 2026 жыл

«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы
балалар шығармашылығының аудандық байқауын өткізу
ережесі

1. Жалпы ереже

1.«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының аудандық байқауын (бұдан әрі – Көрме-байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. **Мақсаты:** білім алушылардың көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу мен одан әрі дамытуға бағытталған жүйелі әрі мақсатты қызметті жүзеге асыру, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға баулу.

3. Міндеттері:

1) білім алушыларды көркем өнерге, тарихи мұраға араластыру, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту, әлеуметтендіру;

2) балалардың көркемдік және сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылығын арттыру;

3) заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі халық дәстүрін сақтау және елдің мәдени-тарихи мұрасын арттыру;

4) балаларды іс-шараларға араластыру арқылы оларды қосымша білім берумен қамтуды кеңейтуге ықпал ету.

2. Көрме-байқауды ұйымдастыру уақыты

4.Көрме-байқау 2026 жылғы 12 наурыз онлайн форматта, Өнер мектебінің базасында өткізіледі. Байқауға қатысу туралы өтінімді 2026 жылдың 11 наурыз күніне дейін кешіктірмей oner.mektebi.05@inox.ru электронды поштасына жолдануы тиіс. Өтінім үлгісі қосымшада.

5. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

3. Көрме-байқаудың қатысушылары

6.Қатысушылардың жасы: 11-17 жас аралығындағы білім алушылар.

7. Келесі құжаттар өткізілуі тиіс: қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыс тақырыбы, топ жетекшісінің аты-жөні, қызметтік лауазымы, ұялы телефоны).

8. Байқауға қатысу туралы өтінімдері мекеме басшыларының қолы мен мөрімен бекітіліп жіберіледі.

4. Көрме-байқауды өткізу шарты және тәртібі

9. Бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы көркем, сәндік-қолданбалы шығармашылықты дәріптеу, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру мақсатында Көрме-байқау екі кезеңнен өткізіледі.

1) аудандық Көрме-байқауы **2026 жылғы 12 наурыз күні өткізіледі.**

10. Көрме-байқауға әрбір қатысушыдан келесі номинациялар бойынша 5-тен аспайтын жұмыстар қабылданады:

1) тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, бисер, батик, киіз басу, құрақ пластикасы;

2) ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш);

3) металды көркемдеп өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағынформалардың мүсіні, бедер салу, соғу;

4) ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағынформадағы мүсіндерді жасау;

5) ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау;

6) қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папьемаше;

7) ұлттық нақыштағы интерьердің ерекше дизайн-жобасы: үйлер, бөлмелер, саяжайлар, ландшафт және т. б.

11. Жұмыстардың ілеспе зат таңбасы (этикеткасы) болуы тиіс: жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, орындау техникасы, білім беру ұйымының аталуы. Жұмыстар көрсетілім үшін толығымен дайын болуы керек (ілгіштер: жиектері, ілмектері, тірегіштері және тағы басқаларының болуы).

12. Бағалау өлшемдері:

жұмыстың Көрме-байқау номинациясына сәйкестігі;

Көрме-байқауға қатысушы елдердің халықтық дәстүрлерін сақтау және пайдалану;

Жұмыстың орындалу сапасы мен көркемдік деңгейі (басымды);

Жұмыстың түпнұсқалығы мен шығармашылық тәсілі (басымды);

Бұйымның стильдік, көркемдік және бейнелік шешімдерінің біртұтастығы.

13. Көрме жұмыстары байқау өлшемдеріне сәйкес 10 баллдық жүйемен кәсіби әділқазылар бағалайды. Әділқазылардың шешімдері хаттамада толтырылады.

14. Көрме-байқау аяқталғаннан кейін байқау жұмыстары қатысушыларға қайтарылады.

15. Қазылар алқасының шешімі талқыланбайды және шағымдануға немесе қайта қарауға жатпайды. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалау парақтары құпия болып табылады және көрсетуге немесе жариялауға жатпайды.

Қойылған баллдармен келіспеушіліктерге шағымдану тәртібі жоқ. Қазылар алқасына адам денсаулығына зиян тигізу қауіп-қатері туралы қорқытулар жасаған жағдайда, қылмыстық кодекстің 115 бабының хаттамасына сәйкес қарастырылады.

16. Жұмыстардың ілеспе заттаңбасы (этикеткасы) болуы тиіс: жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, орындау техникасы, білім беру ұйымының аталуы.

5. Байқауға қатысушыларды марапаттау

17. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

6. Байқауды қаржыландыру

18. Көрме-байқауға қатысушылардың іс-шара өткізілетін жерге келетін және кері қайтатын жол ақысы және жолдағы тамақтануы Көрме-байқауға жіберуші жақтың тарапынан төленеді.

1-қосымша

«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының аудандық байқауына қатысуға

ӨТІНІМ

- Өтінім тек берілген кесте бойынша қабылданады. Мұқият қарауларыңызды сұранамыз!!!
- Өтінімді екі тілде Word бағдарламасында толтыру міндетті, флешкаға жазып алып келу қажет!!!
- Аудандық байқау қатысушылардың өтінімі мөр басылып, pdf форматта қабылданады!!!

Қатысушының Т. А. Ә. (күжат бойынша)	ЖСН	Жынысы	Тұрғылықты мекен- жайы, пошта, индексі, телефон (Облыс, қала, ауыл, толық мекенжайы)	Білім беру ұйым ы сыныб ы, жасы	Жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны
Тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, батик, киіз басу, құрақ пластикасы					
Ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш)					
Металды көркем өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формалардың мүсіні, бедер салу, соғу; ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формада мүсіндер жасау					
Ағаштан, тастан, саздан (қыш, саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау					
Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау					
Қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше					

Ұлттық нақыштағы интерьердің ерекше дизайн-жобасы: үйлер, бөлмелер, саяжайлар, ландшафт және т. б.

Ф.И. участника (по документу)	ИИН	Пол участника	Адрес проживания (область, город, село, полный адрес) индекс, телефон участника	Организация образования, класс, возраст	ФИО руководителя, контактный телефон
Изготовление текстильных изделий: гобелен, вышивка, батик, валяние войлока, лоскутная пластика					
Художественная обработка дерева, кости, кожи: объемная и плоская резьба, роспись по дереву, изделия из бересты; инкрустация (кости, металла, дерева)					
Художественная обработка металла: ювелирные изделия, скульптура малых форм, чеканка, ковка					
Изготовление скульптур малых форм из дерева, камня, глины (гончарная глина), соломы, дерева, текстиля					
Изготовление модели народной одежды с элементами национального орнамента					
Изготовление изделий из бумаги: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше					
Дизайн-проект интерьера с национальным колоритом: дома, комнаты, дачи, ландшафта и др.					